

- 5) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері – Кәсіпорынның бөлімдері Кәсіпорынның әкімшілік бөлімі;
- 7) Комплаенс-офицер- Кәсіпорынның комплаенс- қызметкери.
- 8) мұдделер қақтығыс - лауазымды адамдар мен қызметкерлердің жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;
- 9) жеке мұдделер - жеке мүліктік пайда немесе Кәсіпорынның ішкі құжаттарында белгіленген жалақыны және басқа да төлемдерді алумен байланысты емес Кәсіпорыннан жеке пайда алуға мұдделілік;
2. Мұдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттары
- 2.1. Кәсіпорын мұдделер қақтығысын басқарудың мынадай негізгі қағидаттары негізінде мұдделер шиеленісін басқаруды (алдын алу және реттеу) жүзеге асырады:
- 1) заңдылық қағидаты – осы Саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкестігі;
 - 2) Кәсіпорынның мұдделерін қорғау қағидаты - әрбір қызметкердің борышы жеке қалауына қарай емес, тек Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сүйене отырып шешім қабылдауға міндетті; 3) объективтілік және жеке қарау қағидаты - мұдделер шиеленісін әрбір жағдайы Кәсіпорын үшін ықтимал қауіптерді бағалай отырып, жеке тәртіппен қаралуы және уақтылы реттелуі тиіс.
 - 4) құпиялыштық қағидаты - мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу үдерісінен және мұдделер шиеленісін одан әрі реттеу үдерісінен бастап қаралатын жағдай бойынша корытынды шығару және түпкілікті шешім қабылдау кезеңіне дейін құпиялыштық қатаң сақтау;
3. Мұдделер қақтығысы жағдайлары
- 3.1. Осы Саясаттың мақсаттары үшін мұдделер шиеленісіне әкелуі мүмкін жағдайларға мынадай жағдайлар жатады:
- 1) қызметкер өздерінің жақын туыстары; жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымды атқарады;
 - 2) лауазымды адамның, қызметкердің немесе олардың жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), сондай-ақ жекжаттарының Кәсіпорынмен байланысты мәмілелерге, жобаларға кез келген коммерциялық немесе өзге де мұдделілігі (тікелей немесе жанама) болуы немесе болуы мүмкін;
 - 3) лауазымды адам, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары Кәсіпорынға байланысты жобадағы немесе мәміледегі тарап болып табылады;
 - 4) лауазымды адам, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары жобада немесе Кәсіпорынмен байланысты мәміледе тарап болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болып табылады; 5) лауазымды адам немесе қызметкер өз міндеттерін/лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған құпия ақпаратты немесе ашылуы, сондай-ақ лауазымды адамның, қызметкердің немесе олардың жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), жекжаттарының жеке пайда алу үшін Кәсіпорынмен байланысты құпия ақпаратты кез келген пайдалануы Кәсіпорынның мұдделеріне теріс әсер етуі мүмкін кез келген басқа ақпаратты ашуы;
 - 6) лауазымды адам немесе қызметкер оның жұмысын бағалау, сыйақы төлеу мәселелері немесе өзіне қатысты өзге де мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысады;